



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР


Қараша **2022**

2022 жылғы қарашада айлық инфляция 1,4%-ды құрады, ал жылдық мәнде тұтыну бағасының өсуі 19,6%-ға дейін қарқын алды. Жеміс-жидек пен көкөністің, жұмыртқаның, жылы киім мен аяқ киімнің, қатты отынның және қысқы дизельдің бағасы маусымдық түрде өсті. Ішкі өндіріс артқан тұста қант бағасының өсімі баяулады. Азық-түлікке жатпайтын тауарларда импорттың жоғары үлесі бар тауарлар, атап айтқанда, жуу және тазалау құралдары мен жеке пайдаланылатын заттар қымбаттайды. Қараша айында ыстық су, орталық жылыту және қоқыс шығару тарифтерінің өскені байқалады. Ал, ақылы қызметтер құрылымында абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу бағасы өсу тұрғысынан баяулаған.

2022 жылғы қарашада инфляция айлық мәнде 1,4%-ды құрады, бағаның жылдық өсуі 19,6%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қазанда – 18,8%).

Айлық маусымдық тазартылған инфляция 2022 жылдың қараша айында баяулауын жалғастырды. Ол жалпы инфляциядан 1,2% төмен деңгейде қалыптасты. Жеке тауарлардың (жеміс-жидек пен көкөніс, жұмыртқа, жылы киім мен аяқ киім, қатты отын және қысқы дизель) маусымдық қымбаттауы жалпы инфляцияның маусымдық тазартылған инфляциядан асып кетуіне алып келді (график 1).

График 1. Айлық маусымдық тазартылған инфляция




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Әр түрлі әдістермен есептелген базалық маусымдық тазартылған инфляцияның¹ көрсеткіштері 2022 жылдың қазан-қараша айларында біршама баяулағанына қарамастан жоғары күйінде қала береді. Егер 2019 жылдың басынан бастап 2022 жылдың ақпанына дейін базалық инфляция 0,3-0,9% диапазонында өзгерсе, онда биылғы наурыз-сәуір шоқтарынан кейін ол 1,1%-дан 2,3%-ға дейін қалыптасады (график 2).

¹ Базалық инфляция, бұл – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Орташа қысқартылған баға өзгерісінің 10% ең төмен және 10%-ы есебінен осы айда ең жоғары маусымдық-тазартылған баға өзгерісін алып тастау арқылы есептеледі; 8 аса құбылмалы компонентсіз базалық инфляция – инфляция есебінен соңғы 2 жылда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісінің стандартты ауытқуы ең жоғары саналатын 8 компонентті алып тастайды; медиана осы айда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісін бөлудің 50%-дық перцентилі болып табылады.


График 2. Базалық инфляция: есептеудің әртүрлі әдістері



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Азық-түлік инфляциясы 2022 жылғы қарашада ж/ж 24,1%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қазанда – 23,1%). Нан-тоқаш өнімдері мен жарма жылдық бағаның өсуіне үлес қосуын жалғастырып келеді. Олардың бағасы өткен жылдан бері қарқын алып тұр. Сүт өнімдері мен жұмыртқа бағасының өсуі ай сайын да, жылдық мәнде де жалғасуда. 2022 жылдың қарашасында қызанақ, қияр, банан және апельсин айтарлықтай қымбаттаған. Сонымен қатар, ішкі өндірістің айтарлықтай өсуіне байланысты қыркүйек айынан бастап қант бағасының ай сайынғы дефляциясы жалғасуда. Алайда, қант бағасының жылдық өсу қарқыны жоғары қалпында қалады (график 3).

График 3. Тауарлардың жылдық азық-түлік инфляциясына қосқан үлесі




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Егер теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескере отырып, 2019 жылғы желтоқсанға есептелген азық-түлікке әлемдік және ішкі бағалардың динамикасын салыстыратын болсақ, қантқа арналған ішкі бағалардың траекториясы әлемдік бағаларға жақындауды жалғастыруда, бірақ ол әлі де олардан айтарлықтай асып түседі. Ет бағасының индексі соңғы төрт айда көп бағытты динамикаға ие болды. Сонымен, егер сыртқы бағалар әлемдік ұсыныстың өсуі аясында төмендесе, онда ішкі бағалар отандық өндірушілер шығынының өсуіне байланысты өседі. Өсімдік майларында ішкі және сыртқы бағалар арасындағы айырмашылық сақталды. Бұл ретте теңгемен көрсетілген сыртқы бағалар теңге бағамының АҚШ долларына күшеюі нәтижесінде

өзгеріссіз қалды. Ұнның тұтыну бағасының индексі нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасының динамикасынан едәуір озып, әлемдік деңгейге жақындады.

График 4. Жекелеген азық-түлік тауарларына әлемдік және ішкі бағалардың серпіні ²




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептері

Азық-түлік емес тауарлар бағасының жылдық өсімі 2022 жылғы қарашада 18,6%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қазанда – 17,9%). Аязды күндердің келуіне байланысты қысқы киім, аяқ киім және бас киімдер тоқтаусыз қымбаттады. Сонымен қатар, қысқы дизель мен қатты отын бағасының маусымдық өсуі байқалады. Жеке тауарлар, жууға және тазалыққа қажет заттар сияқты импорттың жоғары үлесі бар тауарлардың бағасы өсті. Кітап пен кеңсе тауарларының құны артты. Соңғы үш айда логистикалық тізбектер бұзылып, импорт қайта бағдарланғандықтан авто бөлшектер мен шина бағасы да айтарлықтай өсті (график 5).


² Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескере отырып, 2019 жылғы желтоқсаннан (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.

График 5. Тауарлардың жылдық азық-түлік емес инфляцияға қосқан үлесі



Ақылы қызметтердің инфляциясы 2022 жылғы қарашада ж/ж 14,1%-ға дейін жеделдеді (қазан айында – 13,5%). 2022 жылдың маусымынан бастап алғаш рет абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу бағасының жылдық өсуі сұраныстың төмендеуі жағдайында баяулай бастады. Сонымен қатар, медициналық қызметтердің құны өсті. Шаштараз қызметтерінің, сондай-ақ қоғамдық тамақтану, мәдениет және демалыс қызметтерінің бағасы көтерілді. Реттелетін қызметтерде ыстық су, орталық жылыту және қоқыс шығару тарифтері айтарлықтай өсті.

График 6. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциясына қызметтердің салымы




2022 жылғы қарашада өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілер бағасының өсуі айтарлықтай баяулады. Бұл өндіріс құралдары мен аралық тұтыну өнімдеріне, сондай-ақ өнеркәсіптік сипаттағы қызметтерге баға өсімінің баяулауына байланысты.

Ауыл шаруашылығында жаңа өнім түсуіне қарай өсімдік шаруашылығындағы бағалардың бір айлық дефляциясы, сондай-ақ әлемдік азық-түлік бағасының неғұрлым қалыпты өсу қарқыны аясында өндірушілер бағасының өсу тұрғысынан баяулағаны байқалады.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің инфляциясы 2022 жылғы қарашада ж/ж 9,9%-ға дейін айтарлықтай баяулады (2022 жылғы қазанда – 15,1%). Май, тоң май, ұн-жарма, нан-тоқаш, макарон өнімдері мен қант өндірушілердің бағасы түскен кезде азық-түлік өндірушілердің бағасы өсу тұрғысынан 21%-ға (22,9%) дейін баяулады. Сонымен қатар, киім мен фармацевтикалық өнім өндірушілердің бағасы тез өсті (график 7).

Ауыл шаруашылығында 2022 жылғы қарашада өндірушілер бағасының өсуі 11,1%-ға дейін баяулады (2022 жылғы қазанда – 13,4%). Өсімдік шаруашылығында бидайдың, күнбағыс тұқымының айлық бағасы төмендеді. Бұл жаңа дақылдың түсуіне байланысты. Картоп пен қырыққабат бағасының жылдық өсу қарқыны баяулады. Сонымен қатар, қант қызылшасы мен пияз бағасының өсуі айтарлықтай жеделдеді. Мал шаруашылығында өндірістік-техникалық сипаттағы шығындардың өсуі аясында жұмыртқа мен сиыр сүтіне баға тез өсті.

График 7. Өнеркәсіптегі бағалар



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 8. Ауыл шаруашылығындағы бағалар

